

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Национальный Банк Республики Казахстан
National Bank of Kazakhstan



Bank of Kazakhstan

Қазақстан Ұлттық Банкінің

Хабаршысы

№ 16

15 – 31 тамыз 2014

«Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы»

редактордың міндетін атқарушы
Терентьев А. Л.

кеңес мүшелері:
Орлов П.Е.
Мадиярова Ә.Қ.
Сарсенова Н.В.
Сәрсенбаева А.И.

шығарылымға жауапты:
Шабанова Н.Н
Тел: 8 (727) 330-24-52

Құрылтайшы – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі РММ
050040, Алматы қ.,
«Көктем-3» ықшам ауданы, 21

Басылым ҚР Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінде
1997 жылғы 24 ақпанда № 432 тіркелді

Бір шығарылымның таралымы – 100 дана

1995 жылдан бастап шығарылады



“Асыл кітап” Баспа үйі ЖШС
050009, Алматы қаласы
Абай даңғылы, 143
тел. +7 (727) 3 94 41 67

Редакциядан:

Құрметті оқырмандар!

Қазақстан Ұлттық Банкі Сіздердің назарларыңызға «ҚҰБ Хабаршысы» журналының 2014 жылғы 16-31 тамыздағы № 16 кезекті шығарылымын ұсынып отыр.

Көрсетілген кезеңде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінген қаражаттың жұмсалуды бақылау жөніндегі комиссияның кезекті отырысын өткізу, Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Қайрат Келімбетовтің Джексон қаласында (АҚШ) Жыл сайынғы экономикалық симпозиумға қатысуы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп «Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде Қазақстан Республикасының қаржы нарығын дамыту келешегі» тақырыбына Дөңгелек үстел өткізуі (Астана қаласы) басты оқиға болды.

Сондай-ақ басылым беттерінде Сіздер Қазақстан экономикасы қаржы секторының ағымдағы жай-күйі, шетел валюталарының ресми айырбастау бағамдары және Қазақстан Ұлттық Банкі әзірлеген және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелген нормативтік құқықтық актілер туралы ақпаратпен таныса аласыздар.

МАЗМҰНЫ:

1. Басты оқиғалар.....	2.
2. Қазақстан экономикасы қаржы секторының ағымдағы жай-күйі.....	4.
3. Шетел валюталарының ресми бағамдары.....	12.
4. ҚРҰБ Басқармасының «Салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарындағы міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының және ерікті зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақы жинақтарының есебін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» 2013 жылғы 26 шілдедегі №201 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» №69 қаулысы.....	13.
5. ҚРҰБ Басқармасының «Ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарықтарында жасалған мәмілелерді айла-шарғы жасау мақсатында жасалған деп тану, қор биржасының сараптамалық комитетін құру және оның жұмыс істеу қағидаларын, сондай-ақ оның сандық құрамын бекіту туралы» № 70 қаулысы.....	15.
6. ҚРҰБ Басқармасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Заңды тұлғалар Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушыларын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) қағидаларын бекіту туралы» 2013 жылғы 25 ақпандағы № 62 қаулысына толықтыру енгізу туралы» № 95 қаулысы	19.
7. ҚРҰБ Басқармасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банк Басқармасының «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшілерін лауазымға тағайындау және олармен еңбек шартын тоқтату қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 24 тамыздағы № 261 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» №132 қаулысы.....	20.
8. ҚРҰБ Басқармасының «Заңдастыру субъектілеріне жинақ шотына ақша енгізуді (аударуды) растайтын құжатты беру, сондай-ақ жинақ шоттарындағы ақшаны есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы және Қазақстан Республикасы екінші деңгейдегі банктерінің және ұлттық пошта операторының жинақ шоттарын ашу мен жүргізу ерекшеліктері» №134 қаулысы.....	26.
9. ҚРҰБ Басқармасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Жалпы сақтандыру» және «өмірді сақтандыру» салаларындағы сақтандыру және қайта сақтандыру операцияларының бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» 2013 жылғы 28 маусымдағы № 149 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» № 139 қаулысы.....	28.
10. ҚРҰБ Басқармасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының шетел валюталарына қатысты ресми бағамын белгілеу қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 24 тамыздағы № 242 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» № 141 қаулысы.....	32.
11. ҚРҰБ Басқармасының «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының «Монетарлыққа жататын қызметті айқындау туралы» 2005 жылғы 26 қарашадағы № 153 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» № 154 қаулысы.....	34.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінген қаражаттың жұмсалуды бақылау туралы

2014 жылғы 18 тамызда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінген қаражаттың жұмсалуды бақылау жөніндегі комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) кезекті отырысы өтті.

Отырысқа «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ, «Даму» КДҚ» АҚ, «Бәйтерек девелопмент» АҚ басшылары қатысты.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ және «Даму» КДҚ» АҚ Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өңдеу өнеркәсібіндегі шағын және орта кәсіпкерліктің жобаларын қаржыландыруды қамтамасыз ету бойынша бірлескен іс-қимылдар жоспары шеңберінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінген ақшаны игеру барысы туралы хабардар етті.

«Даму» КДҚ» АҚ ақпараты бойынша 2014 жылғы 15 тамыздағы жағдай бойынша банктер іс жүзінде 58 млрд. 57 млн. теңге сомаға 254 жобаны қаржыландырған. Оның ішінде 38 млрд. 243 млн. теңге сомаға жаңа қарыз алушылардың 148 жобасын қаржыландырған. 19 млрд. 814 млн. теңге сомаға 106 жоба қайта қаржыландырылған.

Сондай-ақ отырыс барысында Ұлттық экономика министрлігінің 2009-2010 жылдардағы бағдарламалар шеңберінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінген дағдарысқа қарсы қаражаттың қайтарылуының ағымдағы ахуалы туралы ақпараты тыңдалды.

ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы АҚШ Федералдық резервінің басшысы Джанет Йелленмен кездесті

21 – 23 тамызда ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Қайрат Келімбетов Джексон Хоулда (АҚШ) Жыл сайынғы экономикалық симпозиумға қатысты.

Осы экономикалық іс-шара шеңберінде ҚР Ұлттық Банкінің басшысы бірқатар кездесу өткізді, оның ішінде АҚШ ФР басшысы Джанет Йелленмен, Түркия Республикасы Орталық Банкінің басқарушысы Эрден Басчымен, Англия Банкі басқарушысының орынбасары Бен Броудбентпен және т.б. кездесті.

Джексон Хоул Жыл сайынғы экономикалық симпозиумы 1981 жылдан бастап өткізіледі және өз алаңында орталық банктердің, қаржы ұйымдарының басшыларын және жетекші экономист-ғалымдарды жинайды.

Биыл өткен симпозиумның негізгі тақырыбы АҚШ еңбек нарығындағы ахуал және оның ақша-кредит саясатына әсері болды.

«Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде Қазақстан Республикасының қаржы нарығын дамыту келешегі» тақырыбына Дөңгелек үстел

2014 жылғы 26 тамызда Астана қаласында Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп «Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде Қазақстан Республикасының қаржы нарығын дамыту келешегі» тақырыбына Дөңгелек үстел өткізді.

Дөңгелек үстелдің жұмысына Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының және Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының өкілдері, сондай-ақ Қазақстан қаржы нарығына қатысушылардың ауқымды тобы қатысты. Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары Данияр Талғатұлы Ақышев Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің атынан негізгі спикер әрі баяндамашы болды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының атынан Басқарма Төрағасының орынбасары Рахым Сәкенұлы Ошақбаев құттықтау сөз сөйледі.

Дөңгелек үстелді өткізу мақсаты қаржы нарықтары және мемлекеттің нарықпен сындарлы сұхбатын құру бөлігінде ықпалдасу үдерістерінің шеңберіндегі мәселелер бойынша сезімтал мәселелерді кеңінен баяндау, сондай-ақ жан-жақты талқылау және тиімді шешімдерді іздестіру болып табылады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Дөңгелек үстелдің барлық қатысушыларына Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт бойынша келіссөздер процестеріндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ұстанымын, қаржы нарықтары бөлігіндегі оның іргелі ережелерін, Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде ықпалдасу үдерістерінің келешегін, мүмкіндіктерін, бағыттары мен мақсаттарын, оның

ішінде Қазақстан Республикасы үшін ағымдағы заңнамаға сәйкес келетін және ЕАЭО елдерінің қаржы нарықтарында реттеуші талаптарды алдын ала теңестіру талабымен алынуға болжанатын үзінділерді (ЕАЭО-ға қатысушы мемлекеттердің қаржылық қызметтерін жеткізушілердің қол жетімділігі үшін кедергілерді) сақтауға қатысты ақпаратты жіберді.

Қаржы нарығының қатысушыларына ЕАЭО туралы шарттың нормаларына (103-бап) сәйкес мүше мемлекеттер 2025 жылға қарай Қаржы нарықтарындағы қызметті жүзеге асыруға қойылатын талаптар туралы келісімнің жобасына сәйкес қаржы нарығы саласындағы өз заңнамасын үйлестіруді жүзеге асыратыны туралы ақпарат жеткізілді, ол жоба үйлестірудің кезең-кезеңімен жүргізілуін көздейді.

Сонымен қатар банк саласындағы, сақтандыру саласындағы және бағалы қағаздар нарығындағы ағымдағы ахуалды Беларусь Республикасындағы және Ресей Федерациясындағы ахуалмен талдауға қатысты Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы кеңесі Төрағасының кеңесшісі Мәулен Амангелдіұлы Өтеғұловтың ақпараты тыңдалды.


Іс-шараға қатысушылар талқыланған мәселелердің өзектілігі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы және қаржы нарығының өкілдері арасындағы ықпалдасу үдерістеріне белсенді әрі тиімді қатысу үшін, келіссөздер процесінде нақты әрі дәлелді саясатты тұжырымдау мақсатында ұлттық қаржы нарығын одан әрі дамыту келешегін талқылауда белсенді сұхбат құрудың орындылығы туралы бірыңғай пікірде болды.

ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ СЕКТОРЫНЫҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАЙ-КҮЙІ

1. ВАЛЮТА НАРЫҒЫ

	Кезең соңындағы ресми бағам	Кезеңдегі орташа алынған биржалық бағам, кезең үшін		Қазақстан биржасының сауда-саттық көлемі
	USD/KZT	USD/KZT	%*	млн. \$
28.07-01.08	183,28	182,83	-0,38	2 630,70
04.08-08.08	182,04	182,02	-0,44	2 432,45
11.08-15.08	182,00	182,00	-0,01	1 279,60
11.08.2014	182,00	182,00	0,00	265,70
12.08.2014	182,00	182,00	0,00	302,10
13.08.2014	182,00	182,00	0,00	226,05
14.08.2014	182,00	182,00	0,00	238,85
15.08.2014	182,00	182,00	0,00	246,90
18.08-22.08	182,00	182,00	0,00	1 807,05
18.08.2014	182,00	182,00	0,00	229,80
19.08.2014	182,00	182,00	0,00	315,75
20.08.2014	182,00	182,00	0,00	293,00
21.08.2014	182,00	182,00	0,00	445,30
22.08.2014	182,00	182,00	0,00	523,20


* - өткен кезеңге өзгерістер.



2. МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫ

Мемлекеттік бағалы қағаздардың бастапқы нарығы

	сұраныстың ұсыныстан артуы, есе	сұраныстың қанағаттандырылуы, %	кезеңдегі алынған кірістілік, %	орташа тиімді	қанағаттандырылған сұраныс көлемі млрд. теңге
Қаржы министрлігінің МБҚ					
16.06-20.06	1,42	70,04	7,52		39,8
23.06-27.06	1,74	72,94	6,73		25,5
30.06-04.07	-	-	-		-
07.07-11.07	1,49	39,90	6,65		8,3
14.07-18.07	1,59	92,16	7,25		23,5
21.07-25.07	2,22	87,68	7,31		42,9
28.07-01.08	2,37	81,99	8,05		48,7
04.08-08.08	0,78	100,0	7,13		7,8
11.08-15.08	1,11	82,78	7,68		32,2
18.08-22.08	3,14	48,06	5,27		10,5
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноттары					
16.06-20.06	-	-	-		-
23.06-27.06	-	-	-		-
30.06-04.07	-	-	-		-
07.07-11.07	0,30	100,0	3,27		3,0
14.07-18.07	0,30	100,0	3,27		3,0
21.07-25.07	0,40	100,0	3,23		4,0
28.07-01.08	-	-	-		-
04.08-08.08	0,69	100,0	3,32		6,9
11.08-15.08	0,40	100,0	3,27		4,0
18.08-22.08	-	-	-		-



Айналыстағы мемлекеттік бағалы қағаздар (дисконтталған құны бойынша)

	Көлемі млн.теңге				
	Барлығы	оның ішінде Қаржы министрлігінің МБҚ			оның ішінде ҚҰБ ноттары
		ұзақмерзімді	ортамерзімді	қысқамерзімді	
06.06.14	3 797 693,16	3 199 681,00	558 967,85	28 154,31	10 890,00
13.06.14	3 817 623,51	3 219 611,35	558 967,85	28 154,31	10 890,00
20.06.14	3 857 435,54	3 259 423,38	558 967,85	28 154,31	10 890,00
27.06.14	3 882 910,16	3 270 048,00	573 817,85	28 154,31	10 890,00
04.07.14	3 882 910,16	3 270 048,00	573 817,85	28 154,31	10 890,00
11.07.14	3 879 942,78	3 278 348,00	573 817,85	13 910,93	13 866,00
18.07.14	3 901 458,78	3 301 848,00	573 817,85	13 910,93	11 882,00
25.07.14	3 878 900,78	3 301 848,00	551 259,85	13 910,93	11 882,00
01.08.14	3 952 575,54	3 375 500,76	551 259,85	13 910,93	11 904,00
08.08.14	3 967 301,54	3 383 283,76	551 259,85	13 910,93	18 847,00
15.08.14	4 021 358,10	3 415 283,76	569 108,02	14 151,32	22 815,00
22.08.14	4 017 700,77	3 415 283,76	567 434,69	14 151,32	20 831,00

3. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЕУРОНОТТАР НАРЫҒЫ


	2005 ж. шығарылым
Шығару кезіндегі кірістілік	6,691
18.08.2014	4,946
19.08.2014	4,96
20.08.2014	4,957
21.08.2014	4,943
22.08.2014	4,942
<i>эмиссия басынан бері</i>	<i>-1,749</i>
<i>апта үшін</i>	<i>-0,004</i>




4. ТӨЛЕМ ЖҮЙЕЛЕРІ

	БААЖ			БТЖ		
	Саны, мың	Көлемі, млрд. теңге	Көлемнің өзгеруі %,	Саны, мың	Көлемі, млрд. теңге	Көлемнің өзгеруі %,
11.08-15.08	264,4	3 281,2	-9,9	459,1	111,8	4,9
18.08-22.08	310,7	3 739,7	14,0	588,8	134,5	20,3

Банкаралық ақша аудару жүйесі




Бөлшек төлемдер жүйесі




5. ӘЛЕМДІК ҚАРЖЫ ЖӘНЕ ТАУАР НАРЫҚТАРЫ

Тармақтардағы мәні		Өзгеруі	
15.08.2014	22.08.2014	кезең үшін	2001ж. желтоқсаннан бастап
16 662,91	17 001,22	2,03%	67,71%
15 318,34	15 539,19	1,44%	47,39%
9 092,60	9 339,17	2,71%	80,99%
6 689,08	6 775,25	1,29%	30,33%
24 954,94	25 112,23	0,63%	119,67%




Бағамы	Мәні		Өзгеруі	
	15.08.2014	22.08.2014	кезең үшін	2001ж. желтоқсаннан бастап
USD/JPY	102,36	103,95	1,55%	-20,72%
GBP/USD	1,6693	1,6572	-0,72%	14,19%
EUR/USD	1,3401	1,3242	-1,19%	49,54%
USD/RUR	36,04	36,33	0,81%	19,14%

Еуро және жапон йенасының АҚШ долларына қатынасы бойынша бағамдары



Тауарлар	Өлшем бірлігі	Бағасы, АҚШ долл.		Өзгеруі	
		15.08.2014	22.08.2014	кезең үшін	2001 жылғы жел бастап.
алтын	тр.ун.	1304,8	1280,1	-1,90%	362,71%
мыс	метр.тонна	6 891,0	7 098,0	3,00%	386,01%
мырыш	метр.тонна	2 264,3	2 347,5	3,68%	204,28%
мұнай	баррель	101,99	100,17	-1,78%	393,45%
астық	тонна	202,09	201,63	-0,23%	99,91%

Алтын мен мұнайдың бағасы, АҚШ долл.



6. БАНКАРАЛЫҚ АҚША НАРЫҒЫ

Екінші деңгейдегі банктердің қысқа мерзімді банкаралық депозиттері бойынша мәліметтер

	Резидент банктер				Резидент емес банктер			
	1 айға дейін		1 айдан астам		1 айға дейін		1 айдан астам	
	Орналас- тырылған депозиттер көлемі*	Орташа алынған сыйақы мөлшер- лемесі (%)	Орналас- тырылған депозиттер көлемі*	Орташа алынған сыйақы мөлшер- лемесі (%)	Орналас- тырылған депозиттер көлемі*	Орташа алынған сыйақы мөлшер- лемесі (%)	Орналас- тырылған депозиттер көлемі*	Орташа алын- ған сыйақы мөлшер- лемесі (%)
KZT	188 800 000	2,76	5 000 000	7,00	125 000	3	0	0,00
USD	9 000	0,01	0	0,00	3 557 816	0,05	2 000	12,00
EUR	7 300	0,01	0	0,00	2 100	0,40	0	0,00
RUR	40 000	8,70	0	0,00	3 041 900	7,39	0	0,00
28.07.14-01.08.14								
KZT	143 600 000	2,74	900 000	7,00	145 000	4	0	0,00
USD	33 000	0,20	5 000	4,00	3 103 410	0,04	0	0,00
EUR	30 800	0,53	0	0,00	3 000	0,50	0	0,00
RUR	90 000	6,00	0	0,00	2 583 000	7,30	400 000	11,00
04.08.14-08.08.14								
KZT	136 900 000	2,75	0	0,00	910 000	4	0	0,00
USD	0	0,00	0	0,00	4 088 938	0,04	242	6,90
EUR	1 600	0,01	0	0,00	18 600	0,27	0	0,07
RUR	0	0,00	0	0,00	3 393 000	7,12	0	0,00
11.08.14-15.08.14								
KZT	91 300 000	2,78	0	0,00	2 433 000	4	0	0,00
USD	0	0,00	0	0,00	2 943 056	0,04	3 000	10,00
EUR	0	0,00	0	0,00	24 400	0,07	0	0,00
RUR	0	0,00	0	0,00	2 693 000	6,99	300 000	9,61


*- валюта мың бірлігі



1.1. Биржадан тыс банкаралық валюта операциялары (сату)

Кезеңдер, валютаның түрлері	Мәмілелердің жалпы көлемі (валюта мың бірлігі)	оның ішінде резидент банкер		Мәміленің орташа алынған бағамы бір валюта үшін теңгемен	олардың ішінде: резидент банкер
		(валюта мың бірлігі)	%*		
21.07.14-25.07.14 USD RUB EUR	98 999 122 909 1 560	60 920 84 700 1 560	61,5 68,9 100,0	183,54 5,25 247,49	183,55 5,25 247,49
25.07.14-01.08.14 USD RUB EUR	186 310 257 280 835	100 990 225 358 805	54,2 87,6 96,4	183,02 5,13 246,22	183,07 5,13 246,30
04.08.14-08.08.14 USD RUB EUR	146 008 107 909 641	93 960 64 880 641	64,4 60,1 100,0	182,02 5,05 244,13	182,02 5,05 244,13
11.08.14-15.08.14 USD RUB EUR	76 644 147 478 1 196	48 108 102 010 1 196	62,8 69,2 100,0	182,03 5,05 243,37	182,04 5,04 243,46

* резидент банкер мәмілелерінің жалпы мәмілелер көлеміне үлес салмағы



Шетел валюталарының ресми айырбастау бағамдары

	16-18.08	19.08	20.08	21.08	22.08	23-25.08	26.08	27.08	28.08	29.08	АВГУСТ
Австралия доллары	AUD	169,73	169,50	169,84	169,10	168,77	169,64	169,19	169,90	170,41	169,35
Әзірбайжан манаты	AZN	232,68	232,68	232,68	232,68	232,68	232,62	232,62	232,62	232,74	232,75
Ағылшын фунт стерл.	GBP	303,85	304,47	303,01	302,99	301,74	301,88	301,63	301,52	301,99	304,42
100 Белорусь рублі	BYR	1,76	1,76	1,75	1,75	1,75	1,75	1,75	1,75	1,75	1,76
БРАЗИЛИЯ РЕАЛЫ	BRL	80,31	80,54	80,62	81,03	80,46	80,21	79,63	80,48	81,01	80,30
10 Венгер форингі	HUF	7,81	7,76	7,75	7,73	7,69	7,70	7,67	7,67	7,68	7,74
1 Гонконг доллары	HKD	23,48	23,48	23,48	23,48	23,48	23,49	23,48	23,49	23,48	23,49
Дат кронасы	DKK	32,67	32,68	32,60	32,46	32,40	32,43	32,22	32,19	32,25	32,56
БАӘ дирхамы	AED	49,55	49,55	49,55	49,55	49,55	49,55	49,55	49,55	49,55	49,57
АҚШ доллары	USD	182,00	182,00	182,00	182,00	182,00	182,00	182,00	182,00	182,00	182,07
Еуро	EUR	243,57	243,59	243,04	241,93	241,50	241,71	240,11	239,89	240,29	242,67
Үнді рупиясы	INR	3,00	3,00	3,00	3,00	3,00	3,01	3,01	3,01	3,01	2,99
Канада доллары	CAD	167,08	167,28	167,02	166,21	165,85	166,29	165,94	167,13	167,74	166,65
Қытай юані	CNY	29,61	29,63	29,64	29,64	29,59	29,59	29,58	29,63	29,63	29,58
Қырғыз сомы	KGS	3,49	3,49	3,49	3,48	3,48	3,47	3,47	3,45	3,45	3,50
100 Оңтүстік Корея вонасы	KRW	17,83	17,89	17,89	17,80	17,78	17,89	17,90	17,95	17,94	17,76
Кувейт динары	KWD	642,43	642,20	642,20	641,52	640,62	640,85	639,94	639,94	640,17	642,11
Литва литі	LTL	70,55	70,58	70,41	70,10	69,96	70,03	69,57	69,51	69,62	70,31
Малайзия ринггиті	MYR	57,72	57,69	57,67	57,50	57,40	57,59	57,62	57,86	57,80	57,29
Молдова лейі	MDL	13,33	13,31	13,26	13,23	13,18	13,19	13,16	13,17	13,06	13,23
Норвег кронасы	NOK	29,59	29,60	29,60	29,45	29,59	29,65	29,50	29,49	29,49	29,37
Польша злотыйы	PLN	58,33	58,07	58,09	57,84	57,66	57,73	57,45	57,34	57,19	57,95
Ресей рублі	RUB	5,06	5,05	5,03	5,02	5,01	5,03	5,03	5,04	4,99	5,04
Сауд Аравиясының риялы	SAR	48,53	48,53	48,53	48,53	48,53	48,53	48,53	48,53	48,53	48,55
СДР	XDR	278,28	278,30	278,48	277,97	277,28	276,93	276,42	276,42	276,29	278,13
Сингапур доллары	SGD	146,30	146,23	146,23	145,81	145,48	145,85	145,74	145,89	145,89	145,88
Тәжік сомони	TJS	36,41	36,41	36,36	36,34	36,34	36,34	36,34	36,53	36,53	36,46
Таиланд багы	THB	5,72	5,72	5,71	5,70	5,69	5,71	5,70	5,71	5,71	5,69
1 түрік лирасы	TRY	84,55	83,87	84,10	84,03	83,64	83,62	83,89	84,20	84,25	84,34
100 Өзбек сумы	UZS	7,82	7,82	7,76	7,76	7,76	7,76	7,75	7,84	7,84	7,81
Украин гривнасы	UAH	13,95	14,08	14,08	13,89	13,74	13,58	13,58	13,58	13,48	14,15
Чех кронасы	CZK	8,75	8,74	8,71	8,67	8,66	8,70	8,63	8,65	8,67	8,74
Швед кронасы	SEK	26,58	26,56	26,57	26,40	26,38	26,42	26,24	26,22	26,16	26,42
Швейцар франкі	CHF	201,06	201,35	200,75	199,91	199,45	199,82	198,84	198,73	199,30	200,22
Оңтүстік Африка ранды	ZAR	17,25	17,17	17,12	17,06	17,00	16,99	17,04	17,09	17,11	17,06
1 жапон йенасы	JPY	1,78	1,78	1,77	1,76	1,75	1,75	1,75	1,75	1,75	1,77

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ**

Алматы қаласы

2014 жылғы 23 сәуір

№ 69

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының «Салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарындағы міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының және ерікті зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақы жинақтарының есебін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» 2013 жылғы 26 шілдедегі № 201 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарындағы міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының және ерікті зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақы жинақтарының есебін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» 2013 жылғы 26 шілдедегі № 201 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8654 тіркелген, «Заң газеті» газетінде 2013 жылғы 2 қазанда № 148 (2349) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарындағы міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының және ерікті зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақы жинақтарының есебін жүргізу қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Жеке зейнетақы шотын ашуға негіздеме:

1) міндетті зейнетақы жарналарының есебінен - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қыркүйектегі № 984 қаулысымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы қағидаларында (бұдан әрі - БЖЗҚ зейнетақы қағидалары) көзделген нысан бойынша жасалған салымшының өтініші;

2) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының есебінен - БЖЗҚ зейнетақы қағидаларында көзделген нысан бойынша жасалған алушының өтініші;

3) ерікті зейнетақы жарналарының есебінен - БЖЗҚ және (немесе) ЕЖЗҚ, бір жағынан және зейнетақы жарналарының салымшысы, екінші жағынан жасайтын, салымшы өз бастамасы бойынша зейнетақы төлемдерін алушының пайдасына БЖЗҚ-ға және (немесе) ЕЖЗҚ-ға енгізген ерікті зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт, сондай-ақ ЕЖЗҚ ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға берілген лицензияны ерікті түрде қайтарған немесе одан айырылған жағдайда немесе ЕЖЗҚ қосылу нысанында ерікті қайта ұйымдастырылған кезде салымшылардың (алушылардың) ерікті зейнетақы жинақтарын БЖЗҚ-ға аудару болып табылады.»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттары зейнетақы жарналарының түрлері (міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары) бойынша жеке-жеке теңгемен жүргізіледі және:

1) міндетті зейнетақы жарналарының - БЖЗҚ салымшының БЖЗҚ зейнетақы қағидаларында көзделген нысан бойынша жасалған өтінішін қабылдаған күні;

2) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының есебінен - БЖЗҚ алушының БЖЗҚ зейнетақы қағидаларында көзделген нысан бойынша жасалған өтінішін қабылдаған күні;

3) ерікті зейнетақы жарналарының есебінен - ерікті зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасаған күні ашылады.»;

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«11. ЕЖЗҚ ЕЖЗҚ-ның зейнетақы активтерін қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның инвестициялық портфельді басқаруға арналған лицензиясы бар ұйымға басқаруға тапсыру кезінде айына кемінде бір рет зейнетақы активтерінің салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтарының сомасы ретінде есептелген құнын көрсетілген ұйыммен және ЕЖЗҚ кастодиан банкімен салыстырып тексеруді жүзеге асырады.».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ**

Алматы қаласы

2014 жылғы 23 сәуір

№ 70

Ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарықтарында жасалған мәмілелерді айла-шарғы жасау мақсатында жасалған деп тану, қор биржасының сараптамалық комитетін құру және оның жұмыс істеу қағидаларын, сондай-ақ оның сандық құрамын бекіту туралы

«Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес қоса беріліп отырған Ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарықтарында жасалған мәмілелерді айла-шарғы жасау мақсатында жасалған деп тану, қор биржасының сараптамалық комитетін құру және оның жұмыс істеу қағидалары, сондай-ақ оның сандық құрамы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында жасалған мәмілелерді бағаны манипуляциялау мақсатында жасалған деп тану, қор биржасы директорлар кеңесінің бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді манипуляциялау мақсатында жасалған деп тану мәселесі жөніндегі комитетін құру және оның жұмыс істеу ережесін, сондай-ақ оның сандық құрамын бекіту туралы» 2008 жылғы 28 қарашадағы № 196 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5476 тіркелген, «Заң газеті» газетінде 2009 жылғы 18 ақпанда № 25 (1448) жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2014 жылғы 23 сәуірдегі
№ 70 қаулысына
қосымша

Ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарықтарында жасалған мәмілелерді айла-шарғы жасау мақсатында жасалған деп тану, қор биржасының сараптамалық комитетін құру және оның жұмыс істеу қағидалары, сондай-ақ оның сандық құрамы

Осы Ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарықтарында жасалған мәмілелерді айла-шарғы жасау мақсатында жасалған деп тану, қор биржасының сараптамалық комитетін құру және оның жұмыс істеу қағидалары, сондай-ақ оның сандық құрамы (бұдан әрі - Қағидалары), «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі

- Бағалы қағаздар нарығы туралы заңы) сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарықтарында жасалған мәмілелерді айла-шарғы жасау мақсатында жасалған деп танудың тәртібін және талаптарын, қор биржасының сараптамалық комитетін құру және оның жұмыс істеу тәртібін, сондай-ақ оның сандық құрамын белгілейді.

1. Мәміле осындай мәміле жасамас бұрын ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында қалыптасқан осы бағалы қағаздардың бағаларынан елеулі ерекшеленетін баға бойынша жасалатын мәміле деп танылады, егер:

1) ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында акциялармен мәміле жасаған кезде осы акциялармен жасалған мәміле бағасының осы акциялардың, Қағидалардың 3-тармағына сәйкес есептелген орташа алғандағы бағасынан ауытқуы отыз және одан астам пайызды құрайды;

2) облигациялармен (оның ішінде мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздармен) мәміле жасаған кезде осы мәміленің бағасына сәйкес осы өтелетін облигациялар кірістілігінің, Қағидалардың 4-тармағына сәйкес есептелген, осы өтелетін облигациялардың орташа мөлшерленген нарықтық кірістілігінен ауытқуы үш және одан астам пайыздық тармақты құрайды.

2. Орындалуы осы мәмілелердің тараптарындағы осындай бағалы қағаздардың маңызды өзгеруіне әкеп соқпаған бес жұмыс күн ішінде жасалған бағалы қағаздарды сатып алу - сатудың мынадай мәмілелері айла-шарғы жасау мақсатында жасалған болып табылмайды:

1) қор биржасының сауда жүйесінің мұндай операцияларға арналған секторында жүзеге асырылатын сол бір «репо» операциясына жататын «репоны» ашу және жабу мәмілелері;

2) бірдей көлемдегі және сол бағалы қағаздармен жасалған екі мәміле, олардың екіншісі ұйымдастырылған нарықта осы мәмілелердің біріншісін жасаған кезде жіберілген техникалық катені түзету мақсатында жасалған болса;

3) мына талаптарға немесе мына талаптардың біреуіне сәйкес келетін, қор биржасының сауда жүйесінде бағалы қағаздармен ашық сауда-саттық әдісімен жасалған мәмілелер:

мәміле жасалған күннің алдындағы соңғы отыз жұмыс күні ішінде, бірақ осы кезеңнің кемінде он жұмыс күні ішінде осы атаудағы бағалы қағаздармен қор биржасының кемінде он мүшесі тараптары болып табылатын, жиынтық көлемі елу миллион теңгеден кем емес, кемінде жиырма мәміле жасалған;

мәміле жасалған сәтінде осы бағалы қағаздар осы қор биржасында айналысқа жіберілген неғұрлым өтімді акциялардың бағасы бойынша қор биржасының ішкі құжаттарына сәйкес есептелетін қор биржасы индикаторының (индексінің) өкілдік тізіміне енгізілген.

3. Акциялардың орташа мөлшерленген нарықтық бағасы қор биржасы соңғы өткен бес

жұмыс күн ішінде ашық сауда әдісімен өткізген сауда-саттықтарда акциялармен (ақшалай) жасалған мәмілелердің жиынтық көлемінің мұндай мәмілелердің жиынтық мөлшеріне (бағалы қағаздармен) ара-қатынасы ретінде есептеледі (осы тармақтың екінші және үшінші абзацында белгіленген ерекшелікті ескере отырып).

Егер көрсетілген кезең ішінде акциялармен жасалған мәмілелер саны бестен кем болса, осы акциялардың орташа мөлшерленген нарықтық бағасы қор биржасы соңғы өткен күнтізбелік алпыс күн ішінде ашық сауда әдісімен өткізген сауда-саттықтарда осы акциялармен (ақшалай) жасалған соңғы бес мәміленің жиынтық көлемінің мұндай соңғы бес (бағалы қағаздармен) мәміленің жиынтық мөлшеріне ара-қатынасы ретінде есептеледі.

Егер соңғы өткен күнтізбелік алпыс күн ішінде акциялармен жасалған мәмілелердің саны бестен кем болса, осы акциялардың орташа мөлшерленген бағасы есептелмейді.

4. Өтелетін облигациялардың орташа мөлшерленген нарықтық кірістілігі мына формула бойынша есептеледі:

$$Y = \frac{\sum_{i=1}^n (Y_i \times V_i)}{\sum_{i=1}^n V_i}$$

Y - өтелетін облигациялардың орташа мөлшерленген нарықтық кірістілігі, жылдық пайызбен;

Y_i - осы облигациялармен жасалған i -лы мәміле бағасына сәйкес өтелетін облигациялардың кірістілігі, жылдық пайызбен;

V_i - облигациялармен жасалған i -лы мәміленің көлемі, ақшалай;

n - қор биржасы соңғы өткен бес жұмыс күн ішінде ашық сауда әдісімен өткізген сауда-саттықтарда облигациялармен жасалған мәмілелер саны.

Егер соңғы өткен бес жұмыс күн ішінде облигациялармен жасалған мәмілелер саны бестен кем болса, қор биржасы соңғы толық өткен күнтізбелік алпыс күн ішінде ашық сауда әдісімен өткізген сауда-саттықтарда облигациялармен жасалған мәмілелер саны бес және одан астамын құрау талабымен, n беске тең болады.

Егер соңғы толық өткен күнтізбелік алпыс күн ішінде облигациялармен жасалған бестен кем болса, осы өтелетін облигациялардың орташа мөлшерленген нарықтық кірістілігі есептелмейді.

5. Бағалы қағаздар нарығы туралы заңының 56-бабының 5-тармағында аталған талаптардың біреуіне сәйкес келетін мәмілелерден басқа ұйымдастырылған немесе ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарықтарында айла-шарғы жасау мақсатында жасалған бағалы қағаздармен мәмілелерді анықтау үшін мынадай мәмілелер мониторингке және талдауға жатады:

1) Қағидалардың 1-тармағында көзделген мәміле;

2) қор биржасының сауда жүйесінде немесе бағалы қағаздарды сатушы және сатып алушы дербес не қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның (бұдан әрі - уәкілетті орган) брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйымының мәміле жасау жөніндегі бұйрықтарын тапсыру арқылы әрекет ететін сол бір тұлға болатын ұйымдастырылмаған нарықта жасалған мәміле;

3) жай, заңды салдарын туғызу ниетісіз жасалған мәміле не бірнеше мәміле (жалған мәмілелер);

4) басқа мәмілені жасыру мақсатында жасалған мәміле не бірнеше мәміле (бүркеме мәмілелер).

6. Қор биржасының ішкі құжаттарында осы қор биржасының сауда жүйесінде жасалған мәмілелерді айла-шарғы жасау мақсатында жасалды деп тану бойынша Бағалы қағаздар нарығы туралы заңының 56-бабының және Қағидалардың талаптарына қарама-қайшы келмейтін қосымша талаптары көзделуі мүмкін.

7. Жасалу параметрлері мен талаптары осы мәмілелер ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарықтарында айла-шарғы жасау мақсатында жасалған деп болжамдауға негіздеме беретін бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді (бұдан әрі - күмәнді мәмілелер) анықтауды мыналар жүзеге асырады:

1) қор биржасы мен бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының есептерінде, бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің, мемлекеттік органдардың және өзге жеке және заңды тұлғалардың хаттарында (арыздарында, шағымдарында, өтініштерінде) бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдарда бар ақпараттың негізінде, сондай-ақ, бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің қызметін тексеру қорытындысы бойынша уәкілетті орган;

2) қор биржасының сауда жүйесінде жасалатын мәмілелерді қадағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын қор биржасының құрылымдық

бөлімшесі.

Айла-шарғы жасау фактісін болуы не болмауын растау мақсатында уәкілетті орган бағалы қағаздар нарығының субъектілерінен қажетті ақпаратты сұратады не, қажет болған жағдайда, бағалы қағаздар нарығы субъектілерін тексеруді жүзеге асырады және (немесе) күмәнді мәмілелер туралы ақпаратты қор биржасының бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді айла-шарғы жасау мақсатында жасалған деп тану мәселесі жөніндегі сараптама комитетінің (бұдан әрі - сараптама комитеті) қарауына жібереді.

8. Қор биржасының сауда жүйесінде жасалатын мәмілелерді қадағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын қор биржасының құрылымдық бөлімшесі күмәнді мәмілелерді анықтаған жағдайда, күмәнді мәміле туралы есеп оны жасаған күні сараптама комитеті мүшелерінің қарауына тапсырылады.

9. Сараптама комитеті жеті адамнан құрылады және құрамында төраға мен алты мүшесі болады. Сараптама комитетінің төрағасын қор биржасының директорлар кеңесі сараптама комитеті мүшелерінің қатарынан сайлайды.

Мыналар:

уәкілетті органның екі өкілі;

қор биржасының бағалы қағаздармен саудасаттықты ұйымдастыру мәселелеріне жетекшілік ететін атқарушы органының мүшесі;

қор биржасының директорлар кеңесінің екі мүшесі;

қор биржасының сауда жүйесінде жасалатын мәмілелерін қадағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын қор биржасының құрылымдық бөлімшесінің басшысы;

«Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігінің өкілі Сараптама комитетінің мүшелері болып табылады.

Қор биржасының бағалы қағаздармен саудасаттықты ұйымдастыру мәселелеріне жетекшілік ететін атқарушы органының мүшесі және қор биржасының сауда жүйесінде жасалатын мәмілелерді қадағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын қор биржасының құрылымдық бөлімшесінің басшысы сараптама комитетінің төрағасы болып сайлана алмайды.

Сараптама комитетінің құрамы қор биржасының директорлар кеңесінің шешімімен бекітіледі және уәкілетті орган келіседі.

10. Сараптама комитетінің отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі.

Сараптама комитетінің отырысына қаралатын күмәнді мәміленің тараптары болып табылатын ұйымдардың өкілдері, және (немесе) осы ұйымдар

мәміле жасау жөніндегі бұйрықтарына сәйкес әрекет еткен олардың клиенттері шақырылуы мүмкін.

11. Сараптама комитетінің шешімі оның мүшелерінің жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданады және сараптама комитетінің қорытындысы түрінде ресімделеді.

Қаралатын күдікті мәміленің тараптары болып табылатын ұйымдарға, бағалы қағаздың немесе қаралатын күдікті мәміленің мәні болып табылатын бағалы қағаздың базалық активінің эмитентіне қатысты үлестес сараптама комитетінің мүшелері дауыс беруге қатыспайды.

12. Сараптама комитетінің қорытындысы оның күдікті мәмілелер бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында жасалған деп жорамалдауына қажетті және жеткілікті негіздердің болуына қатысты пікірінің көрінісі болып табылады.

Сараптама комитетінің қорытындысына сараптама комитеті төрағасының қолы қойылады және қор биржасы күдікті мәміле анықталған күннен бастап он бес жұмыс күнінен кешіктірмей оны уәкілетті органға жібереді.

Сараптама комитетінің қорытындысында бар ақпаратқа бағалы қағаздар нарығындағы коммерциялық құпиядан тұратын ақпарат кірмейді.

13. Сараптама комитетінің мүшелері сараптама комитетінің жұмысына қатысу барысында алған ақпараттың, оның ішінде коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпия ақпараттың конфиденциалдылығын қамтамасыз етеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік атқарады.

14. Осы Қағидалармен реттелмеген мәселелер бойынша сараптама комитетінің жұмыс тәртібі қор биржасының ішкі құжаттарымен айқындалады.

15. Ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында жасалған мәмілені бағалы қағаздар

нарығында айла-шарғы жасау мақсатында жасалған деп тану уәкілетті органмен сараптама комитетінің қорытындысын қарау нәтижелері бойынша жүзеге асырылады және уәкілетті органның бірінші басшысының немесе оның орынбасарының бұйрығымен ресімделеді.

16. Ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында жасалған мәмілені бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында жасалған деп тану уәкілетті органмен:

ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында жасалған мәміле туралы ақпарат сараптама комитетінің қарауына жіберілген жағдайда сараптама комитетінің пікірін қарау;

бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының есептеріндегі, бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің, мемлекеттік органдардың немесе жеке және заңды тұлғалардың хаттарындағы (арыздарындағы, шағымдарындағы, өтініштеріндегі), бұқаралық ақпарат құралдарының жарияланымдарындағы ақпаратты қарау қорытындылары бойынша, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің қызметін тексеру нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

17. Ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында жасалған мәмілені бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында жасалған деп тану туралы шешім уәкілетті органның бірінші басшысының немесе оның орынбасарының бұйрығымен ресімделеді.

18. Уәкілетті орган бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында жасалған деп танылған бағалы қағаздармен жасалған мәміленің тараптарын осындай тану туралы Қағидалардың 15 және 17-тармақтарында көрсетілген бұйрыққа қол қойылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде жазбаша хабардар етеді.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ**

Алматы қаласы

2014 жылғы 27 мамыр

№ 95

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Заңды тұлғалар Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушыларын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) қағидаларын бекіту туралы» 2013 жылғы 25 ақпандағы № 62 қаулысына толықтыру енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және мемлекеттік қызмет көрсетуді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Заңды тұлғалар - Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушыларын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) қағидаларын бекіту туралы» 2013 жылғы 25 ақпандағы № 62 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8420 тіркелген, «Заң газеті» газетінің 2013 жылғы 28 маусымдағы № 95 жарияланған) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Заңды тұлғалар - Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушыларын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) қағидалары мынадай мазмұндағы 8-1-тармақпен толықтырылсын:

«8-1. Қаржы орталығының қатысушысын мемлекеттік тіркеу Интернет желісі арқылы электрондық құжат түрінде берілген электрондық өтініш негізінде жүргізілуі мүмкін.

Заңды тұлғаны - Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушысын мемлекеттік тіркеу туралы электрондық өтініш «электрондық үкіметтің» (www.egov.kz) веб-порталында немесе www.elicense.kz порталы арқылы толтырылып ұсынылады және электрондық цифрлық қолтаңба қойылады.».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ**

Алматы қаласы

2014 жылғы 16 шілде

№ 132

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банк Басқармасының «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшілерін лауазымға тағайындау және олармен еңбек шартын тоқтату қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 24 тамыздағы № 261 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 30 қаңтардағы № 744 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшілерін лауазымға тағайындау және олармен еңбек шартын тоқтату қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 24 тамыздағы № 261 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7996 тіркелген, 2012 жылғы 6 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» газетінде № 802-806 (27877) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметшілерін лауазымға тағайындау және олармен еңбек шартын тоқтату қағидаларын бекіту туралы»:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметшілерін лауазымға тағайындау және олармен еңбек шартын тоқтату қағидалары бекітілсін.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшілерін лауазымға тағайындау және олармен еңбек шартын тоқтату қағидаларын:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметшілерін лауазымға тағайындау және олармен еңбек шартын тоқтату қағидалары»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметшілерін лауазымына тағайындау және олармен еңбек шартын тоқтату қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) 2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі (бұдан әрі - Еңбек кодексі) және «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Ұлттық Банк туралы заң) сәйкес әзірленді.»;

3-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) талаптар - Ұлттық Банк қызметшісінің лауазымына орналасуға үміткер адамдарға олардың кәсіби дайындық деңгейін, құзыреттілігін және Ұлттық Банк қызметшісінің бос лауазымына сәйкестігін айқындау мақсатында Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес талаптар.»;

2) тармақша алынып тасталсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) кадр қызметі - Ұлттық Банктің кадрмен қамтамасыз ету бөлімшесі (филиалдарда - қызметкерлермен жұмыс жүргізу жөніндегі маман);»;

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«10) Ұлттық Банк - Ұлттық Банктің орталық аппараты, филиалдары және өкілдігі.»;

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Конкурстық комиссияны Ұлттық Банк Төрағасы (филиалдарда - филиал басшысы) не оның

орнындағы адам бекітеді.»;

16-тармақтың б) тармақшасы алынып тасталсын;

38-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«38. Конкурстық комиссияның шешіміне Ұлттық Банк Төрағасының (филиалдарда - филиал басшысының) атына не оның орнындағы адамға, не сот тәртібінде шағымдануға болады.»;

1-қосымша осы қаулының қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымшаның жоғарғы оң жақ, бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметшілерін лауазымға тағайындау және олармен еңбек шартын тоқтату қағидаларына
2-қосымша»;

3-қосымшада:

жоғарғы оң жақ бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметшілерін лауазымға тағайындау және олармен еңбек шартын тоқтату қағидаларына
3-қосымша»;

16-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«Сіз Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметкерлерімен жақын туыстық немесе жекжаттық (ата-ана, ерлі-зайыпты, аға-інілері, апа-сіңлілері, балалары, сондай-ақ, ерлі зайыптылардың аға-інілері, апа-сіңлілері, ата-аналары және балалары) қатынастарда барсыз ба».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2014 жылғы 16 шілдедегі
№ 132 қаулысына қосымша

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметшілерін лауазымға тағайындау және олармен еңбек шартын тоқтату қағидаларына
1-қосымша

*Ұлттық Банктің қызметшісі лауазымына орналасуға
үміткер адамдарға қойылатын
талаптар*

1. 02 тобы үшін - департамент директоры, департамент директоры-бас бухгалтер, Өкілдік Басшысы, дербес басқарманың бастығы.

Білімі - жоғары кәсіби.

Жұмыс стажы - Ұлттық Банкте кемінде төрт жыл не осы топтың нақты лауазымының функционалдық бағыттарына сәйкес келетін салаларда кемінде бес жыл, оның ішінде басшы лауазымдарда кемінде үш жыл.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Нормативтік

құқықтық актілер туралы», «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының осы топтың нақты лауазымының мамандығына сәйкес келетін салалардағы қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілерін білу. Функционалдық міндеттерін орындау үшін қажетті басқа да білім.

Департамент директорының орынбасары, дербес басқарма бастығының орынбасары.

Білімі - жоғары кәсіби.

Жұмыс стажы - Ұлттық Банкте кемінде үш жыл не осы топтың нақты лауазымының функционалдық бағыттарына сәйкес келетін салаларда кемінде төрт жыл, оның ішінде басшы лауазымдарда кемінде екі жыл не шетелдік жоғары оқу орындарында оқуды аяқтау (докторантура не магистратура).

Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Нормативтік құқықтық актілер туралы», «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының осы топтың нақты лауазымының мамандығына сәйкес келетін салалардағы қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілерін білу. Функционалдық міндеттерін орындау үшін қажетті басқа да білім.

2. 03 тобы үшін - департамент құрамындағы басқарма бастығы, Ұлттық Банк Төрағасының көмекшісі, кеңесшісі, консультант, баспасөз хатшысы, бөлім бастығы.

Білімі - жоғары кәсіби.

Жұмыс стажы - Ұлттық Банкте кемінде екі жыл не осы топтың нақты лауазымының функционалдық бағыттарына сәйкес келетін салаларда кемінде үш жыл, не шетелдік жоғары оқу орындарында оқуды (магистратура) немесе Ұлттық Банктің Магистратурасын аяқтаған кезде жұмыс стажы кемінде екі жыл.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Нормативтік құқықтық актілер туралы», «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банк туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының осы топтың нақты лауазымының мамандығына сәйкес келетін салалардағы қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілерін білу. Функционалдық міндеттерін орындау үшін қажетті басқа да білім.

Департамент құрамындағы басқарма бастығының орынбасары.

Білімі - жоғары кәсіби.

Жұмыс стажы - Ұлттық Банкте кемінде бір жарым жыл не осы топтың нақты лауазымының функционалдық бағыттарына сәйкес келетін салаларда кемінде екі жыл, не шетелдік жоғары оқу орындарында оқуды немесе Ұлттық Банктің Магистратурасын аяқтау.

Қазақстан Республикасының Конституция-

сын, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Нормативтік құқықтық актілер туралы», «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банк туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының осы топтың нақты лауазымының мамандығына сәйкес келетін салалардағы қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілерін білу. Функционалдық міндеттерін орындау үшін қажетті басқа да білім.

3. 04 тобы үшін - бас маман: экономист, дилер, талдаушы, дизайнер, сарапшы, заң кеңесшісі, тәуекел-менеджер, тәуекел-талдаушы, инженер, инженер-программист, инженер-электроншы, инженер-жүйе технигі, жүйе талдаушысы, жүйе басқарушысы, жоба менеджері, жұмылдыру жұмысы, азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар жөніндегі инженер, аудармашы, социолог, психолог, Басқарма хатшысы, Директорлар кеңесінің хатшысы және басқа да атаулар.

Білім - жоғары кәсіби.

Жұмыс стажы - Ұлттық Банкте кемінде бір жыл не осы топтың нақты лауазымының функционалдық бағыттарына сәйкес келетін салаларда кемінде бір жарым жыл, не шетелдік жоғары оқу орындарында оқуды немесе Ұлттық Банктің Магистратурасын аяқтау.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Нормативтік құқықтық актілер туралы», «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының осы топтың нақты лауазымының мамандығына сәйкес келетін салалардағы қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілерін білу. Функционалдық міндеттерін орындау үшін қажетті басқа да білім.

4. 05 тобы үшін - жетекші маман: экономист, дилер, талдаушы, дизайнер, сарапшы, заң кеңесшісі, тәуекел-менеджер, тәуекел-талдаушы, инженер, инженер-программист, инженер-электроншы, инженер-жүйе технигі, жүйе талдаушысы, жүйе басқарушысы, жоба менеджері, жұмылдыру жұмысы, азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар жөніндегі инженер, аудармашы, социолог, психолог және басқа да атаулар.

Білімі - жоғары кәсіби.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тура-

лы), «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының осы топтың нақты лауазымының мамандығына сәйкес келетін салалардағы қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілерін білу. Функционалдық міндеттерін орындау үшін қажетті басқа да білім.

5. 06 тобы үшін - маман: экономист, дилер, талдаушы, дизайнер, сарапшы, заң кеңесшісі, тәуекел-менеджер, тәуекел-талдаушы, инженер, инженер-программист, инженер-электроншы, инженер-жүйе технигі, жүйе талдаушысы, жұмылдыру жұмысы, азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар жөніндегі инженер, аудармашы, социолог, психолог және басқа да атаулар.

Білімі - жоғары кәсіби, орта кәсіби білімге рұқсат етіледі.

Жұмыс стажы - орта кәсіби білімі болған кезде Ұлттық Банкте кемінде бір жыл не осы топтың нақты лауазымының функционалдық бағыттарына сәйкес келетін салалардағы жұмыс стажы кемінде бір жарым жыл.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкте туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының осы топтың нақты лауазымының мамандығына сәйкес келетін салалардағы қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілерін білу. Функционалдық міндеттерін орындау үшін қажетті басқа да білім.

6. Ф1 тобы үшін - филиал директоры, Кассалық операциялар және құндылықтарды сақтау орталығының (филиалының) директоры.

Білімі - жоғары кәсіби.

Жұмыс стажы - Ұлттық Банкте кемінде төрт жыл не осы топтың нақты лауазымының тиісті функционалдық бағыттарына сәйкес келетін салаларда кемінде бес жыл, оның ішінде басшы лауазымдарда кемінде екі жыл не шетелдік жоғары оқу орындарында оқуды аяқтау (докторантура не магистратура).

Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдеу туралы», «Нормативтік құқықтық актілер туралы», «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтінішін қарау туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының осы топтың нақты лауазымының мамандығына сәйкес келетін салалардағы

қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілерін білу. Функционалдық міндеттерін орындау үшін қажетті басқа да білім.

Филиал директорының орынбасары, филиал директорының орынбасары - бас инженер, филиал директорының режим және күзет жөніндегі орынбасары, Кассалық операциялар және құндылықтарды сақтау орталығы (филиалы) директорының орынбасары - бас бухгалтер.

Білімі - жоғары кәсіби.

Жұмыс стажы - Ұлттық Банкте кемінде үш жыл не осы топтың нақты лауазымының тиісті функционалдық бағыттарына сәйкес келетін салаларда кемінде төрт жыл, оның ішінде басшы лауазымдарда кемінде екі жыл не шетелдік жоғары оқу орындарында оқуды аяқтау (докторантура не магистратура).

Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдеу туралы», «Нормативтік құқықтық актілер туралы», «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының осы топтың нақты лауазымының мамандығына сәйкес келетін салалардағы қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілерін білу. Функционалдық міндеттерін орындау үшін қажетті басқа да білім.

7. Ф2 тобы үшін - аумақтық филиалдың бөлім бастығы - бас бухгалтері, Кассалық операциялар және құндылықтарды сақтау орталығының (филиалының) бөлім бастығы - бас бухгалтерінің орынбасары, бөлімше меңгерушісі, құндылықтар қоймасының бастығы, бөлім бастығы.

Білім - жоғары кәсіби.

Жұмыс стажы - Ұлттық Банкте кемінде екі жыл не осы топтың нақты лауазымының функционалдық бағыттарына сәйкес келетін салаларда кемінде үш жыл не басшы лауазымдарда кемінде бір жыл, не шетелдік жоғарғы оқу орындарында оқуды аяқтау (магистратура).

Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдеу туралы», «Нормативтік құқықтық актілер туралы», «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының осы топтың нақты лауазымының мамандығына сәйкес келетін салалардағы қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілерін білу. Функционалдық,

міндеттерін орындау үшін қажетті басқа да білім.

Бөлім бастығының орынбасары.

Білімі - жоғары кәсіби.

Жұмыс стажы - Ұлттық Банкте кемінде бір жарым жыл не осы топтың нақты лауазымының функционалдық бағыттарына сәйкес келетін салаларда кемінде екі жыл не басшы лауазымдарда кемінде бір жыл, не шетелдік жоғары оқу орындарында оқуды аяқтау (магистратура).

Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Нормативтік құқықтық актілер туралы», «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының осы топтың нақты лауазымының мамандығына сәйкес келетін салалардағы қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілерін білу. Функционалдық міндеттерін орындау үшін қажетті басқа да білім.

8. Ф3 тобы үшін - инкассация тобының бастығы, қойма (құндылықтар) меңгерушісі.

Білімі - жоғары кәсіби.

Жұмыс стажы - Ұлттық Банкте кемінде екі жыл не осы топтың нақты лауазымының функционалдық бағыттарына сәйкес келетін салаларда кемінде үш жыл.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Нормативтік құқықтық актілер туралы», «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы заңдарын, Қазақстан Республикасының осы топтың нақты лауазымының мамандығына сәйкес келетін салалардағы қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілерін білу. Функционалдық міндеттерін орындау үшін қажетті басқа да білім.

Касса (айналым кассасы, қайта есептеу кассасы және басқа да атаулар) меңгерушісі.

Білімі - жоғары кәсіби, орта кәсіби білімге рұқсат етіледі.

Жұмыс стажы - орта кәсіби білімі болған кезде Ұлттық Банкте кемінде екі жыл не осы топтың нақты лауазымының функционалдық бағыттарына сәйкес келетін салаларда кемінде үш жыл.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Нормативтік құқықтық актілер туралы», «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы», «Жеке

және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібін туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының осы топтың нақты лауазымының мамандығына сәйкес келетін салалардағы қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілерін білу. Функционалдық міндеттерін орындау үшін қажетті басқа да білім.

9. Ф4 тобы үшін - бас маман: экономист, заң кеңесшісі, қызметкерлермен жұмыс жүргізу жөніндегі, мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі, азаматтық қорғаныс, жұмылдыру жұмысы, еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, өртке қарсы қауіпсіздік жөніндегі инженер, инженер, инженер-программист, инженер-электроншы, қауіпсіздік жүйелерін пайдалану жөніндегі инженер, байланыс жөніндегі инженер, бақылау-өлшеу құралдары және автоматика жөніндегі инженер, инженер-механик, инженер-энергетик, инженер-электрик, инженерлік жүйелерді пайдалану жөніндегі инженер, сантехникалық жүйелер жөніндегі инженер, сарапшы, сарапшы-геомолог, бақылаушы, аудармашы және басқа да атаулар.

Білімі - жоғары кәсіби.

Жұмыс стажы - Ұлттық Банкте кемінде бір жыл не осы топтың нақты лауазымының функционалдық, бағыттарына сәйкес келетін салаларда кемінде бір жарым жыл не шетелдік жоғары оқу орындарында оқуды, не Ұлттық Банктің Магистратурасын аяқтау.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының осы топтың нақты лауазымының мамандығына сәйкес келетін салалардағы қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілерін білу. Функционалдық міндеттерін орындау үшін қажетті басқа да білім.

10. Ф5 тобы үшін - жетекші маман: экономист, заң кеңесшісі, қызметкерлермен жұмыс жүргізу жөніндегі, мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі, азаматтық қорғаныс, жұмылдыру жұмысы, еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, өртке қарсы қауіпсіздік жөніндегі инженер, инженер, инженер-программист, инженер-электроншы, қауіпсіздік жүйелерін пайдалану жөніндегі инженер, байланыс жөніндегі инженер, бақылау-өлшеу құралдары және автоматика жөніндегі инженер, инженер-механик, инженер-энергетик, инженер-электрик, инженерлік жүйелерді пайдалану жөніндегі инженер, сантехникалық жүйелер жөніндегі ин-

женер, сарапшы, сарапшы-геомолог, бақылаушы, аудармашы және басқа да атаулар.

Білімі - жоғары кәсіби, орта кәсіби білімге рұқсат етіледі.

Жұмыс стажы - орта кәсіби білімі болған кезде Ұлттық Банктегі жұмыс стажы кемінде бір жарым жыл не осы топтың нақты лауазымының функционалдық бағыттарына сәйкес келетін салалардағы жұмыс стажы кемінде екі жыл.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банк туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын, осы топтың нақты лауазымының мамандығына сәйкес келетін салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін білу. Функционалдық міндеттерін орындау үшін қажетті басқа да білім.

11. Ф6 тобы үшін - маман: экономист, заң кеңесшісі, қызметкерлермен жұмыс жүргізу жөніндегі, мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі, азаматтық қорғаныс, жұмылдыру жұмысы, еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, өртке қарсы қауіпсіздік жөніндегі инженер, инженер, инженер-программист, инженер-электрон-

шы, қауіпсіздік жүйелерін пайдалану жөніндегі инженер, байланыс жөніндегі инженер, бақылау-өлшеу құралдары және автоматика жөніндегі инженер, инженер-механик, инженер-энергетик, инженер-электрик, инженерлік жүйелерді пайдалану жөніндегі инженер, сантехникалық жүйелер жөніндегі инженер, сарапшы, сарапшы-геомолог, бақылаушы, аудармашы және басқа да атаулар.

Білімі - жоғары кәсіби, орта кәсіби білімге рұқсат етіледі.

Жұмыс стажы - орта кәсіби білімі болған кезде Ұлттық Банктегі жұмыс стажы кемінде бір жыл не осы топтың нақты лауазымының функционалдық бағыттарына сәйкес келетін салалардағы жұмыс стажы кемінде бір жыл.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын, осы топтың нақты лауазымының мамандығына сәйкес келетін салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін білу. Функционалдық міндеттерін орындау үшін қажетті басқа да білім.».

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ**

Алматы қаласы

2014 жылғы 16 шілде

№ 134

Заңдастыру субъектілеріне жинақ шотына ақша енгізуді (аударуды) растайтын құжатты беру, сондай-ақ жинақ шоттарындағы ақшаны есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы және Қазақстан Республикасы екінші деңгейдегі банктерінің және ұлттық пошта операторының жинақ шоттарын ашу мен жүргізу ерекшеліктері

«Қазақстан Республикасы азаматтарының, оралмандардың және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар тұлғалардың мүлікті жария етуіне байланысты оларға рақымшылық жасау туралы» 2014 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Заңдастыру субъектілеріне жинақ шотына ақша енгізуді (аударуды) растайтын құжатты беру, сондай-ақ жинақ шоттарындағы ақшаны есепке алуды жүргізу қағидалары және Қазақстан Республикасы екінші деңгейдегі банктерінің және Ұлттық пошта операторының жинақ шоттарын ашу мен жүргізу ерекшеліктері бекітілсін.

2. Осы қаулы 2014 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі
Басқармасының
2014 жылғы 16 шілдедегі
№ 134 қаулысымен
бекітілген

Заңдастыру субъектілеріне жинақ шотына ақша енгізуді (аударуды) растайтын құжатты беру, сондай-ақ жинақ шоттарындағы ақшаны есепке алуды жүргізу қағидалары және Қазақстан Республикасы екінші деңгейдегі банктерінің және Ұлттық пошта операторының жинақ шоттарын ашу мен жүргізу ерекшеліктері

1. Жалпы ережелер

1. Осы Заңдастыру субъектілеріне жинақ шотына ақша енгізуді (аударуды) растайтын құжатты беру, сондай-ақ жинақ шоттарындағы ақшаны есепке алуды жүргізу қағидалары және Қазақстан Республикасы екінші деңгейдегі банктерінің және Ұлттық пошта операторының жинақ шоттарын ашу мен жүргізу ерекшеліктері (бұдан әрі - Қағидалар) «Қазақстан Республикасы азаматтарының, оралмандардың және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар тұлғалардың мүлікті жария етуіне байланысты оларға рақымшылық жасау туралы» 2014 жылғы 30 маусымдағы

Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасы екінші деңгейдегі банктерінің және Ұлттық пошта операторының (бұдан әрі - банк) Қазақстан Республикасы азаматтарының, оралмандардың және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар тұлғалардың (бұдан әрі - салымшылар) ақшасын заңдастыру мақсатында ашылатын жинақ шоттарын ашудың және жүргізудің ерекшеліктерін, жинақ шотына ақша енгізуді (аударуды) растайтын құжатты берудің, сондай-ақ ақшаны заңдастыру мақсатында ашылатын жинақ шоттарындағы ақшаны есепке алуды жүргізудің тәртібін айқындайды.

2. Қағидалардың мақсаттары үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) жинақ шоты — ақшаны заңдастыру мақсатында банктің салымшыға шартты салым талабымен ашатын жеке жинақ шоты;

2) шетел валютасы - оған қатысты Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының ресми бағамы белгіленетін, тізбесі Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7977 тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының шетел валюталарына қатысты ресми бағамын белгілеу қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 24 тамыздағы № 242 қаулысымен айқындалған шетел валютасы.

2. Жинақ шотын ашудың және жүргізудің ерекшеліктері және оған ақша енгізуді (аударуды) растайтын құжатты беру тәртібі

3. Жинақ шоты салымшыға оның банкке жасаған өтінішінің негізінде Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында және (немесе) шетел валютасында ашылады. Ақшаны жинақ шотына енгізуді (аударуды) салымшы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында және (немесе) шетел валютасында сома бойынша шектеусіз жүзеге асырады.

4. Жинақ шотын ашу «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» 2009 жылғы 28 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын сақтай отырып, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1199 тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының банктерінде клиенттердің банктік есепшоттарын ашу, жүргізу және жабу ережесін бекіту туралы» 2000 жылғы 2 маусымдағы № 266 қаулысына (бұдан әрі - № 266 ереже) сәйкес, сондай-ақ жинақ шотының валютасы көрсетілген және жинақ шотының ақшаны заңдастыру мақсатында ашылатындығы туралы белгі қойылған жинақ шотын ашу туралы өтініштің негізінде жүргізіледі.

5. Банктік салым шарты (шартты салым) 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде (Ерекше бөлім) және № 266 ережеде көзделген талаптарды қоспағанда, мыналарды қамтиды:

1) жинақ шотының ақшаны заңдастыру мақсатында ашылатыны туралы талап;

2) Заңда және Қағидаларда көзделген тәртіппен жинақ шотындағы ақшаны енгізу, алу, сақтау және

иелік ету талаптары;

3) банк белгілеген сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері;

4) Заңның 6-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында және 8-бабы 3-тармағының 2) тармақшасында көзделген мөлшерде және жағдайда банктің салым сомасынан бюджетке төленуге жататын ақшаны заңдастыруға алымды акцентсіз тәртіппен ұстап қалуы туралы талап;

5) Заңның 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша салымшыға енгізілген (аударылған) ақша сомасының мөлшерін растайтын анықтаманы беру тәртібі.

6. Салымшының жинақ шотына ақша енгізуі/аударуы Заңда белгіленген ақшаны заңдастыру мерзімінің ішінде жүзеге асырылады.

Банк ашқан жинақ шотына салымшының ақшаны кейіннен енгізуіне/аударуына жол берілмейді.

7. Салымшының жинақ шотына енгізілген/аударған ақшаға иелік етуі Заңның 8-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, ақшаны жинақ шотына енгізген/аударған күннен бастап күнтізбелік алпыс ай өткен соң жүзеге асырылады.

8. Салымшы жинақ шотына ақшаны енгізгеннен/аударғаннан кейін банк ақшаны жинақ шотына есептеген күннен кейінгі үш жұмыс күнінен кешіктірмей салымшыға Заңның 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша енгізілген (аударылған) ақша сомасының мөлшерін растайтын, банк басшысының бұйрығы не осындай өкілеттіктер берілген өзге де құжаттар негізінде тиісті өкілеттіктер берілген банктің мөрімен және уәкілетті адамдарының қолымен куәландырылған анықтаманы береді.

3. Ақшаны заңдастыру мақсатында ашылатын жинақ шоттарындағы ақшаны есепке алуды жүргізу

9. Банк заңдастыру мақсатында салымшылардың жинақ шоттарында орналастырылған ақшасын Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6793 тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 3 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы және «Қазақстан Даму Банкі» акционерлік қоғамындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарының «Жеке тұлғалардың шартты салымдары» 2208-баланстық шотында жеке есепке алуды қамтамасыз етеді.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ**

Алматы қаласы

2014 жылғы 16 шілде

№ 139

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Жалпы сақтандыру» және «өмірді сақтандыру» салаларындағы сақтандыру және қайта сақтандыру операцияларының бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» 2013 жылғы 28 маусымдағы № 149 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Жалпы сақтандыру» және «өмірді сақтандыру» салаларындағы сақтандыру және қайта сақтандыру операцияларының бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» 2013 жылғы 28 маусымдағы № 149 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8596 тіркелген, 2013 жылғы 5 қыркүйекте «Заң газеті» газетінде № 133 (2334) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

қаулыда:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Сақтандыру және қайта сақтандыру операцияларының бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы»;

кіріспесі және 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары мен сақтандыру брокерлері жүзеге асыратын сақтандыру және қайта сақтандыру операцияларының бухгалтерлік есебін жүргізуді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Сақтандыру және қайта сақтандыру операцияларының бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген «Жалпы сақтандыру» және «өмірді сақтандыру» салаларындағы сақтандыру және қайта сақтандыру операцияларының бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулықта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Сақтандыру және қайта сақтандыру операцияларының бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулық»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Сақтандыру және қайта сақтандыру операцияларының бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы және «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңдарына, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес әзірленді және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары мен сақтандыру брокерлері жүзеге асыратын сақтандыру және қайта сақтандыру операцияларының бухгалтерлік есебін жүргізуді нақтылайды.»;

2-тарауда:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Жалпы сақтандыру (қайта сақтандыру) бойынша операциялардың бухгалтерлік есебі»;

9-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) сақтандыру агентіне немесе сақтандыру брокеріне алдын ала комиссиялық сыйақы төлеу жүзеге асырылған кезде:

алдын ала комиссиялық сыйақы төлеу сомасына:

Дт 1610 01 Берілген қысқамерзімді аванстар
Кт 1030 Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаттары;
делдалдық қызметтерді алу фактісін растайтын құжаттар алынған кезде:

Дт 1630 Басқа да қысқамерзімді активтер
Кт 1610 01 Берілген қысқамерзімді аванстар;»;
10 және 11-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
«10. Сақтандыру ұйымдары сақтандыру агенттері мен сақтандыру брокерлерінен алған қызметтер бойынша делдалдық қызмет көрсеткені үшін комиссиялық сыйақы жөніндегі шартқа сәйкес комиссиялық сыйақы нақты төленген кезде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт 3390 41 Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметі бойынша делдалдармен есеп айырысу
Кт 1030 Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаттары.

11. Қайта сақтандыру ұйымы қайта сақтанушыға комиссиялық сыйақы сомасын төлеген кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) қайта сақтанушыға алдын ала комиссиялық сыйақы төлеу жүзеге асырылған кезде:
алдын ала комиссиялық сыйақы төлеу сомасына:

Дт 1610 01 Берілген қысқамерзімді аванстар
Кт 1010 Кассадағы ақша қаражаттары
1030 Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаттары;
қайта сақтандыру шарты күшіне енген кезде алдын ала комиссиялық сыйақы сомасына:

Дт 1630 Басқа да қысқамерзімді активтер
Кт 1610 01 Берілген қысқамерзімді аванстар;

2) қайта сақтанушыға комиссиялық сыйақыны есептеген кезде алдын ала төлемді жасау талабымен төленуге жататын комиссиялық сыйақы мен жүзеге асырылған алдын ала төлемнің айырмасы сомасына не, егер алдын ала төлем жүзеге асырылмаған талабымен комиссиялық сыйақының толық сомасына:
комиссиялық сыйақының сомасын есептеген кезде:

Дт 1630 Басқа да қысқамерзімді активтер
Кт 3390 43 Қайта сақтанушылармен есеп айырысу;
амортизацияға жататын қайта сақтандыру шарты бойынша комиссиялық сыйақыны есепті кезеңдегі шығыстардың шотына жатқызған кезде:

Дт 7470 45 Қайта сақтандыру бойынша комиссиялық сыйақы төлеу бойынша шығыстар
Кт 1630 Басқа да қысқамерзімді активтер;
комиссиялық сыйақы сомасын нақты төлеген кезде:

Дт 3390 43 Қайта сақтанушылармен есеп айырысу
Кт 1010 Кассадағы ақша қаражаттары
1030 Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаттары.»;

12-тармақтың 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:
«1) төленбеген сақтандыру сыйлықақылары сомасына:

Дт 7470 40 Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметіне байланысты шығыстар
Кт 1280 41 Сақтандырылушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары

2) төленуге жататын ақша сомасына:

Дт 7470 40 Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметіне байланысты шығыстар
Кт 3390 43 Қайта сақтанушылармен есеп айырысу
3390 44 Сақтанушылармен есеп айырысу;»;

3-тарауда:
тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:
«3. Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) бойынша операциялардың бухгалтерлік есебі»;
25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«25. Сақтанушы (қайта сақтанушы) өмірді жинақтаушы сақтандыру (қайта сақтандыру) шартын жасау кезінде сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша барлық сақтандыру сыйлықақыларының сомасы өмірді жинақтаушы сақтандыру (қайта сақтандыру) шартында көзделген өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының бүкіл қолданыста болу мерзімі ішінде тиісті үлестерімен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кірісі ретінде танылады.

Сақтандыру агентіне, сақтандыру брокеріне төленетін не қайта сақтандыру ұйымы қайта сақтанушыға

төлейтін комиссиялық сыйақылар бухгалтерлік есепте Нұсқаулықтың 9, 10 және 11-тармақтарына сәйкес көрсетіледі.»;

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«27. Егер өмірді жинақтаушы сақтандыру (қайта сақтандыру) шартында сақтанушының (қайта сақтанушының) сақтандыру сыйлықақыларын біржолғы төлеуі көзделсе, сақтандыру сыйлықақыларының барлық сомасы толық көлемде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жинақтаушы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша кірісі ретінде танылады және Нұсқаулықтың 6 және 7-тармақтарында көзделген бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады.»;

29, 30, 31 және 32-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«29. Егер өмірді жинақтаушы емес сақтандыру (қайта сақтандыру) шартында сақтанушының (қайта сақтанушының) сақтандыру сыйлықақыларын біржолғы төлеуі көзделсе, сақтандыру сыйлықақыларының барлық сомасы толық көлемде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жинақтаушы емес сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша кірісі ретінде танылады, және Нұсқаулықтың 6 және 7-тармақтарында көзделген бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады.

30. Егер өмірді жинақтаушы емес сақтандыру (қайта сақтандыру) шартында сақтандыру сыйлықақыларын бөліп төлеу көзделсе, кіріс өмірді жинақтаушы емес сақтандыру (қайта сақтандыру) шартында белгіленген тиісті үлестермен оның қолданылу мерзімінің соңына дейін танылады және Нұсқаулықтың 26-тармағында көзделген бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады.

31. Сақтанушы (қайта сақтанушы) өмірді жинақтаушы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша төлемі тиісті үлестермен жүзеге асырылатын кезекті сақтандыру сыйлықақыларын төлеу мерзімін өткізіп алған жағдайда, сақтандыру сыйлықақысының мерзімін өткізіп алу кезеңі басталған күннен бастап мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	1270 45	Сақтанушылардан алынатын мерзімі өткен сақтандыру сыйлықақысы
	1270 46	Қайта сақтанушылардан алынатын мерзімі өткен сақтандыру сыйлықақысы
Кт	1280 41	Сақтандырылушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары
	1280 42	Қайта сақтандырылушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары

32. Сақтанушыдан өмірді жинақтаушы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша төлемі тиісті үлестермен жүзеге асырылатын мерзімі өткен сақтандыру сыйлықақылары келіп түскен кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

Дт	1010	Кассадағы ақша қаражаттары
	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаттары
Кт	1270 45	Сақтанушылардан алынатын мерзімі өткен сақтандыру сыйлықақысы
	1270 46	Қайта сақтанушылардан алынатын мерзімі өткен сақтандыру сыйлықақысы.»;

34-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«34. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын өмірді жинақтаушы немесе жинақтаушы емес сақтандыру (қайта сақтандыру) шартына сәйкес төленген сақтандыру сыйлықақыларын есепке ала отырып, бұрынғы және жаңа сақтандыру сыйлықақыларының арасындағы айырма сомасына азайтқан кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады.»;

35-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«35. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысының сомасын сақтанушының (қайта сақтанушының) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына сақтандыру шарты негізінде төлеуі тиіс сақтандыру сыйлықақыларының ұлғаю сомасына өсірген кезде Нұсқаулықтың 26-тармағында көзделген бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады.»;

37 және 38-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«37. Сақтанушы аннуитеттік сақтандыру шартын сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын біржолғы (бір рет) төлеуі талабымен жасаған кезде сақтандыру ұйымы сақтандыру сыйлықақылары түріндегі кірістер сомасына Нұсқаулықтың 6 және 7-тармақтарында көзделген бухгалтерлік жазбаларды жүзеге асырады.

38. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақыларын аннуитеттік сақтандыру шартында белгіленген мерзімнің соңына дейін кезеңдік негізде төлеу талабымен аннуитеттік сақтандыру шартын жасаған жағдайда, сақтандыру ұйымы Нұсқаулықтың 26-тармағында көзделген бухгалтерлік жазбаларды жүзеге асырады.»;

39-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) есептелген кезеңдік төлемдер сомасына:

Дт 7470 41 Сақтандыру бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша шығыстар

Кт 3390 44 Сақтанушылармен есеп айырысу;»;

4-тарауда:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қайта сақтандыру бойынша операциялардың бухгалтерлік есебі»;

63-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) қайта сақтандыру шарты күшіне енген кезде:

Дт 1270 41 Қайта сақтандыру бойынша есептелген комиссиялық кірістер

Кт 3390 54 Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметіне байланысты басқа да кредиторлық берешек;

қайта сақтандыру шарты қолданыста болу мерзімі ішінде есепті кезеңдегі кірістерге амортизацияға жатқызылатын комиссиялық кірістер сомасына:

Дт 3390 54 Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметіне байланысты басқа да кредиторлық берешек

Кт 6110 41 Қайта сақтандыру шарттары бойынша комиссиялық кірістер;».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ**

Алматы қаласы

2014 жылғы 16 шілде

№ 141

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының шетел валюталарына қатысты ресми бағамын белгілеу қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 24 тамыздағы № 242 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының шетел валюталарына қатысты ресми бағамын белгілеу тәртібін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының шетел валюталарына қатысты ресми бағамын белгілеу қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 24 тамыздағы № 242 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7977 тіркелген, «Егермен Қазақстан» газетінде 2012 жылы 27 желтоқсандағы № 852-856 (27927) жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының шетел валюталарына қатысты ресми бағамын белгілеу қағидаларында:

қосымша осы қаулының қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2014 жылғы 16 шілдедегі
№ 141 қаулысына қосымша

Қазақстан Республикасы
ұлттық валютасының шетел валюталарына
қатысты ресми бағамын белгілеу
қағидаларына қосымша

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шетел валюталарының Қазақстан Республикасының
ұлттық валютасына қатысты _____ жылғы _____ ресми бағамдары туралы хабарлайды

Австралия доллары (AUD)	теңге
Әзірбайжан манаты (AZN)	теңге
Армян драмы (AMD)	теңге
Біріккен Корольдіктің Фунт стерлингі (GBP)	теңге
Белорусь рублі (BYR)	теңге
Бразилия реалы (BRL)	теңге
Венгер форинті (HUF)	теңге
Корея Республикасының вонасы (KRW)	теңге
Гонконг доллары (HKD)	теңге
Дат кронасы (DKK)	теңге
БАӘ дирхамы (AED)	теңге
АҚШ доллары (USD)	теңге
Еуро (EUR)	теңге
Үндістан рупиясы (INR)	теңге
Канада доллары (CAD)	теңге
Қытай юані (CNY)	теңге
Қырғыз сомы (KGS)	теңге
Кувейт динары (KWD)	теңге
Литва литі (LTL)	теңге
Малайзия ринггиті (MYR)	теңге
Мексика песосы (MXN)	теңге
Молдова леясы (MDL)	теңге
Норвегия кронасы (NOK)	теңге
Польша злотыйы (PLN)	теңге
Ресей рублі (RUB)	теңге
Сауд Арабиясының риалы (SAR)	теңге
СДР (XDR)	теңге
Сингапур доллары (SGD)	теңге
Тәжік сомониі (TJS)	теңге
Тайланд баты (THB)	теңге
Түрік лирасы (TRY)	теңге
Өзбек сумы (UZS)	теңге
Украина гривнасы (UAH)	теңге
Чех кронасы (CZK)	теңге
Швед кронасы (SEK)	теңге
Швейцария франкі (CHF)	теңге
Оңтүстік Африка рэнді (ZAR)	теңге
Жапон йенасы (JPY)	теңге

құжатқа қол қойылған күн

Қазақстан Республикасы

Ұлттық Банкінің

басшылығы

_____ Тегі және инициалдары

(қолы)

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ**

Алматы қаласы

2014 жылғы 16 шілде

№ 154

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының «Монетарлыққа жататын қызметті айқындау туралы» 2005 жылғы 26 қарашадағы № 153 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Монетарлыққа жататын қызметті айқындау туралы» 2005 жылғы 26 қарашадағы № 153 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3996 тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақтың жиырма жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«ақша-кредит саясаты, қаржы жүйесінің тұрақтылығы, макропруденциялық реттеу, өңірлік қаржы орталығын құру және дамыту, валюталық реттеу және валюталық бақылау мәселелеріне байланысты қызметті іске асыру үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді сатып алу, сондай-ақ көрсетілген мәселелер бойынша консультанттар мен кеңесшілердің қызметін сатып алу.».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Е-KZT МҮМКІНДІКТЕРІМЕН ТАНЫС БОЛЫҢЫЗДАР

Сізге e-kzt Интернет арқылы оңай тез және ең бастысы қауіпсіз сатып алуға мүмкіндік береді.

Е-KZT-бұл интернет желісіндегі тауарлар мен қызметтерге ақы төлеуге, ақша аударуға, түсім және төлем туралы барлық ақпаратты сенімді сақтауға мүмкіндік береді. Коммуналдық қызметтер, телефония, теледидар, он-лайн ойындар, жеңілдік купондар және сертификаттар, интернет және хостинг, сондай-ақ, көптеген басқа қызметтердің төлем www.e-kzt.kz порталында қол жетімді болады.



«e-kzt» өзгеше ерекшеліктері ең төменгі тариф пен ыңғайлы интерфейсті пайдалану оңай болыптабылады. Электронды ақша арқылы төлем тез арада жүргізіледі, ал электронды әмиянды ашу және толтыру on-line тәртібінде жеке ақпарат бланкін тольырмай-ақ санаулы минуттарда жүргізіледі.

Форумында Сізді қызықтыратын сұрақтарды қоя аласыз.

[HTTPS:// WWW.EKZT.KZ/FEEDBACK](https://www.e-kzt.kz/feedback)